

Саяси қуғын-сүргіннің құрбандары – тарихи жадының ажырамас бөлігі. Олардың бейнелері мен тағдырлары болашақ ұрпақ үшін естелік қана емес, сонымен қатар, әділет пен адамгершілік үшін күрестің нышаны ретінде сақталуы қажет.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қарағанды облысы аумағындағы саяси қуғын-сүргін (1920-1930 жж.): Зерттеулер. Мұрағат құжаттары. Естеліктер / Құраст. Джумабеков Д.А. және т.б. Қарағанды: Гласир баспасы, 2024 – 516 б.
2. Щеглова Т.К. Устная история: учеб. пособие. Барнаул: АлтГПА, 2011. – 364 с.
3. Тарле Е.В. Наполеон / Е.В. Тарле. – М.: Гос. соц.-эконом. изд-во, 1939. – 349 с.
4. Виноградов К.Д. Ллойд Джордж. Политическая биография / К.Д. Виноградов. – М.: Мысль, 1970. – 418 с.
5. Кертман Л. Джозеф Чемберленд и сыновья / Л. Кертман. – М.: Мысль, 1990. – 546 с.
6. Прошлое крупным планом: Современные исследования по микроистории. – СПб.: Европейский университет в Санкт-Петербурге, 2003. – 268 с.
7. Историческая биография и новая биографическая история. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: [https://studme.org/1593110627622/istoriya/istoricheskaya\\_biografiya\\_novaya\\_biograficheskaya\\_istoriya](https://studme.org/1593110627622/istoriya/istoricheskaya_biografiya_novaya_biograficheskaya_istoriya)
8. Естелік беруші Нәби Ысқақ, Рымкеш Бөкебаева. Астана қаласының тұрғындары
9. Естелік беруші Сауле Таукелова, Виктория Чунаева. Қарағанды қаласының тұрғындары
10. Естелік беруші Рымкеш Бөкебаева. Астана қаласының тұрғыны
11. Естелік беруші Гулнара Бялова. Астана қаласының тұрғыны
12. Естелік беруші Маруа смагулова. Қарқаралы ауданы, Егіндібұлақ ауылының тұрғыны

#### СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН- САЯСИ РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАНЫ

**Ораз А.**, МО-22-1к тобының студенті, 3 курс

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

*Ғылыми жетекші* – Кенжеғали Ж.М., қауымдастырылған профессор

Елдіктің негізгі шарттары түптеп келгенде мемлекет тілінің, ұлт рухының көтерілген биігімен өлшенеді. Қазіргі жаһандану үрдісінде ұлттық рухани құндылықтарды сақтай отырып, тәуелсіз мемлекетіміздің келешегін өркендететін кезең келді. Бұл жолда мәдениет пен парасатқа, имандылық пен ізгілікке негізделген өркениетті қоғам құруға бағыт алдық. Ол үшін жастардың санасына даналық пен зерделілікті сіңіру, ұлттық жасампаз рухты асқақтату - әлемге танымал болуға деген құлшыныстан туған қажеттілік екені даусыз. Ал рухани құндылықтарымыздың бірі – мемлекет қайраткерлерінің, ұлт зиялыларының ұлы мұралары.

Қазақ халқы үшін тарихи тұлғалардың бірі әрі бірегейі – Сәкен Сейфуллин. «Біз Сәкен Сейфуллинді халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз», - деп Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай, тарихымыздың ХХ ғасыр басындағы кезеңін қоғам және мемлекет қайраткері, жыр сұңқары, сұлулықтың символына айналған жерлесіміздің ерек есімінсіз елестету мүмкін емес[1]. Ол осы ел тағдыры талқыға түскен кезеңдегі ел мен жер, тіл мен діл тағдыры, дін мен дәстүр тұтастығын сақтау үшін бар жауапкершілікті мойнына жүктеп, ел тәуелсіздігі жолында

басын бәйгіге тіккен, оның ішінде әр түрлі атаулармен бұрмаланып келген ұлтымыздың «Қазақ» атауын қолданысқа қайта оралтқан - нағыз тарихи тұлға.

Қазақта Сәкен жалғыз болса да, оның ұлт пен мемлекет дамуына қосқан үлесі сан қырлы. Жүрегі жігерге толы қайраткер ел басқару қызметіне дейін де қалың бұқара арасында көп жүріп, ел ішіндегі әрбір мәселеге қаныққаны тағы рас. Кейін осы түйіндерді шешуге, кемшіл тұстардың орнын толтыруға білек сыбана кірісті. Сана мен саясат, білім мен ғылым, әдебиет пен мәдениет салаларының ілгерілеуіне қосқан орасан үлесінен бөлек, ол – қазақ тілінің сол тұста мемлекеттік мәртебе алуына бірден-бір бастамашы болған тұлға. «Қазақ тілі кеңсе тіліне айналуы керек», - деген Сәкен оның тұтастай республика бойынша іс қағаздарындағы үлесінің әрі сапасының артуына еңбек етті. Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Егер жиырмамыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз. Сол айтулы есімдердің білімдарлық һәм азаматтық тәлімдерінде кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялылары беруге тиіс», – деп жаза келіп, бұлар – тарих толқынындағы мәдениеттің кіндік тұлғалары дейді [2, 156-179 б.]. Ұлы ойдың мәнін Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен қызметінен айқын байқауға болады. Себебі, Сәкен Сейфуллин – ұлт тағдырын арқалаған, ел руханиятының, мәдениетінің, саясаты мен ағартушылығының бел ортасында жүрген тарихи тұлға. Ол – кеңестік кезеңдегі қазақ әдебиеті мен мемлекет құрылымына жол салғандардың бірі, ұлттық мүдде жолында күрескен азамат. Сондықтан Н.Ә. Назарбаев айтқан «кіндік тұлғалар» ұғымы Сәкен сынды қайраткерлерге дәл келеді. Бұл ұғым – елдің рухани өзегін, тарихи арнасын қалыптастырған, ұлттың жүрегі іспеттес тұлғаларды білдіреді. «Кіндік» сөзі – адамды өмірге жалғайтын басты байланыс, демек, «кіндік тұлғалар» – ұлттың өмірлік тамыры, болмысын жалғайтын тұлғалар деген ұлы мағына береді. Ендеше кіндік тұлғалар туралы елге кеңінен мағұлматтар беру, тағылымды әңгіме өрбіту маңызды іс болып қала бермек.

Сәкен (шын аты Садуақас) Сейфоллаұлы 1894 жылы 23 мамырда Ақмола облысы, Ақмола уезінің Нілді болысында - Нілді мыс қорыту зауытына таяу жердегі қазақ ауылында туған. Қазіргі әкімшілік бөлік бойынша бұл жер Қарағанды облысының Жаңарқа ауданына қарайды.

Сәкеннің шыққан ортасы шағын дәулетті болған. «Тар жол, тайғақ кешу» кітабында ақын оқи бастағаннан Нілдіге, Ақмолаға баратын көлік табылмай, әркімнің артына мінгесіп қатынасқанын, Омбы лагерінен қашып келгенде Түрікстанға қарай өтуге ат таба алмағанын күйініп жазған[3]. Оның балалық шағы өз ауылында өтеді. Ауыл молдасынан оқып, аздап хат таниды.

«Әкей орысша үйреніп, хат біліп, мал табуды арман қылып сөйлеп жүрді», - дейді Сәкен Сейфуллин. Осы ниетпен Сейфолла баласын 1905 жылы Нілді зауытына оқуға жібереді. Алғашқы бір жылда кісі үйінде жалдана жүріп, орысша үйреніп, одан кейін жылдай ол заводтың орыс-қазақ мектебінде оқиды. Завод өмірімен танысу, жұмысшылар балаларымен бірге оқып, олармен араласу жас Сәкеннің қоғамдық өмірдің әділетсіздіктерін көріп тануына жол ашады. «Менің екінші түрлі «оқуым» Нілді зауытының машина жанындағы ұсталар дүкенінде болды», «екінші сабақ ұсталардың дүкен үйінен аласұрып жүлқынған машина түрінен жер астында жұмыс істеп шығатын шахта, кен жұмыскерлерінің жатақ, тұрмыс күйінен завод үстінде тас көмір, көктас кен үйген жұмыскерлердің тіршілік күйлерінен алған сабақ көңілге нық орнаған «тоқу» болды» дейді ол.. Осында жүріп Сәкен Нілді зауыты жұмысшыларының патша өкіметіне қарсы 1905 жылдың желтоқсанында өткен ереуілін көреді.

Еңбек адамдарының ортасында болып, олардың өмірдің әділетсіздікке қарсы күресін көріп болашақ ақынның таптық ой-санасының ерте оянуына әсер етеді. 1908-1913 жылдары Сәкен Сейфуллин Ақмола (қазіргі Астана) қаласында әуелі приходская мектебінде, кейін үш класты қалалық училищеде оқиды. Бұл жылдары ол орысша білімін толықтырып, орыс

әдебиеті кітаптарын оқиды, Ақмола маңының әнші-күйшілерімен танысады. Сонымен қатар алыс ауылдардан оқу іздеп келген қазақ балаларына орыс тілінен сабақ береді.

1913-1916 жылдар арасында Сәкен Сейфуллин Омбы қаласындағы мұғалімдер семинариясында оқиды. Бұл жылдары оның әдебиетпен әуестенуі арта түседі. 1914 жылы Қазанда «Өткен күндер» атты тұңғыш өлеңдер жинағы басылады. Сәкеннің қоғамдық көзқарастарының қалыптасуына Омбы дәуірі ерекше ықпал етеді. Мұнда ол студенттердің «Бірлік» атты ұйымының жұмысына белсене қатысады. Әуелі ағартушылық бағыт ұстаған бұл ұйым бірінші империалистік соғыс пен революциялық күрестің өрлеу дәуірінде саяси мәселелерге де араласып, өз көзқарастарын айқындайды.

Омбыда Сәкен орыстың революционер жазушысы Феохтист Березовскиймен танысады, В. Г. Белинский, Н. Г. Чернышевский, Н. А. Некрасов кітаптарын М. Горький шығармаларын оқиды.

Омбы семинариясын бітіргеннен кейін Сәкен Сейфуллин Ақмола уезіндегі Сілеті-Бұғылы деген жердегі ауылдық мектепте мұғалім болып істейді. Осында жүріп ақын 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісін қарсы алады. Көтерілісшілерге тілектестік білдіріп, өлеңдер жазады.

Сәкеннің қоғамдық, шығармашылық қызметінің жаңа дәуірі 1917 жылдан басталады. Патша өкіметін құлатқан Ақпан төңкерісінен кейін-ақ ол Ақмола қаласына ауысып, саяси-қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Сол жылдың көктемінде құрылған Қазақ Комитетінің төрағасы болып сайланады. Онда төңкерісшіл-демократияшыл зиялылармен бірігіп, қазақ әйелдеріне бостандық беру, бұрынғы әкімдерді ел билеу қызметінен босату, еңбекші халық өкілдерін іске тарту, дін иелерінің құқын тежеу сияқты шараларды іске асырады. Сәкеннің қатысуымен Ақмола жастары «Жас қазақ» атты ұйым құрып, «Тіршілік» атты газет шығарады. 1917 жылдың желтоқсанында Ақмола Совдепі құрылғанда Сәкен Совдептің президиум мүшесі және уездік ағарту комиссары болып тағайындалады.

1918 жылы маусым айында патшашыл ақ қазақтар мен чехословактардың контрреволюциялық көтерілісі кезінде Ақмолада кеңес өкіметі құлап, Сәкен бір топ жолдастарымен революция жауларының қолына түседі. Ол «қоғам мен мемлекет қауіпсіздігіне қатерлі адам» деп табылады да, басқа да тұтқындармен бірге Қызылжар түрмесіне айдалады. Атаман Анненковтың «азап вагонында», Колчактың Омбы лагерінде тоғыз айға созылған ауыр азапты шегеді. Тек 1919 жылдың наурызында ғана Сәкен Омбының тұтқын лагерінен қашып шығады. Дүйсембі деген жалған ат жазылған құжатпен ол Павлодар, Баянауыл арқылы өзінің туған еліне келіп, Түркістанға өтеді. Әулиеата (қазіргі Тараз қаласы) Совдепінің көмегімен Сарысу, Шу өзендері бойындағы елдері советтендіру жұмысына қатысады.

1920 жылдың көктемінде Сәкен Сейфуллин Ақмолаға қайта оралып, Колчак үстемдігі құлаған қалада кеңес жұмысын жандандыруға араласады. Ол уездік атқару комитеті төрағасының орынбасары болып істейді. Сол жылдың жазында қазақтың Автономиялық республикасын жариялайтын құрылтай съезіне дайындалу кезінде Сәкен Сейфуллин қазақ өлкесі бойында құрылған ревкомның құрамына кіреді. Құрылтай съезінде бірінші сайланған Қазақстан Оралық Атқару Комитетінің президиум мүшесі болып өтеді.

1921 жылы сәуірде Сәкен Сейфуллин бұрын Сибревкомға қарайтын Ақмола мен Семей облыстарын Қазақстанға қабылдап алу жөніндегі төтенше үкімет комиссиясының енеді. Ол Қызылжар, Көкшетау, Ақмола, Қарағанды, Омбы қалаларында болып, сайлау жұмыстарына басшылық етеді. 1922 жылы маусымда Қазақ АССР халық комиссарлары Кеңесі Сәкенді оқу-ағарту Халық Комиссарының орынбасары етіп тағайындайды. Сонымен қатар ол «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болып бекітіледі. Советтердің бүкіл Қазақстандық III съезі 1922 жылдың қазан айында Сәкен Сейфуллинді Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы етіп сайлайды. 1923 жылдың қаңтарында Советтердің X съезінде Бүкілодақтық Атқару Комитетінің мүшелігіне өтеді.

1925-1937 жылдары Сәкен Сейфуллин Қазақстандағы әртүрлі мәдени-ағарту орындарында жазушылар Одағында, партия тарихы институтында, «Әдебиет майданы»

(қазіргі «Жұлдыз» журналының редакцияларында басшы қызметтерде болады. Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті тарихынан лекция оқиды.

Қоғамдық-саяси зор жұмыстарымен әдеби шығармашылығын қанаттаса жүргізе отырып, Сәкен Сейфуллин жиырмасыншы жылдардың өзінде көрнекті ақын болып қалыптасты. 1922 жылы оның «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағы, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» деген пьесалары жеке-жеке кітап болып басылады.

Проза жанрында Сәкен Сейфуллин «Тар жол тайғақ кешу» (1927) атты мемуарлық романың «Айша» (1922), «Жер қазғандар» (1928), «Жемістер» (1935) атты повестер мен көптеген әңгімелер жариялады. 1932 жылы қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуге арнаған «Қазақ әдебиеті» (Билер дәуірінің әдебиеті) атты зерттеу оқулығын жариялады. Ол мектеп оқушыларына арналған әдебиет оқулықтарын жазуға қатысты және әдебиет сынына араласып көптеген мақалалар жазды.

1923 жылы 15 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде С. Сейфуллиннің «Қазақты қазақ дейік, қатені түзетейік» атты мақаласы жарияланды. Мақалада С. Сейфуллин отаршылдық саясаттың салдарынан 1920 жылы құрылған Қазақ Автономиясы «қырғыз» деп дұрыс аталмай шындықтың бұрмаланып отырғандығын батыл айтып, қазақ мемлекетінің тарихи атының қайтарылу мәселесін көтерді. Қазақ тілінде іс жүргізуге көшуді табанды талап етуінің нәтижесінде 1923 жылы 22 қарашада Қазақ ОАК-і «Кеңсе істерін қазақ тілінде жүргізу туралы декрет» қабылдады. С. Сейфуллин Халком Кеңесі Төрағасы қызметіне кіріскен уақытта халық комиссарлары ұлтына, жасына, біліміне қарай ала-құла болды. Ондағы барлық өзгерістер сол кездегі талапқа сай жасалды. С. Сейфуллин үкімет құрамын білікті де білімді жергілікті ұлт өкілдерінен тағайындауға қатты көңіл бөлді. Үкімет басшысының 1924 жылғы 9 ақпанда халық комиссариаттарына жіберілген жолдауында «Халком Кеңесі Сіздің халкоматтағы барлық қазақ қызметкерлерінің тізімін және алдағы уақытта халкомат пен оның бөлімдеріне қазақ қызметкерлерін қабылдау жөніндегі жоспарларыңызды сұрайды» делінген [4, 29б.]. С. Сейфуллин қызметінің бастапқы кезінде 23 халық комиссарлары мен оның орынбасарларының қазағы 34% - ғана құраса, 1924 жыл соңында бұл көрсеткіш 56% - ға көтерілді. Осылайша С. Сейфуллин мекемелерді қазақтандыру арқылы үкімет пен оның төменгі буындарының қызметін қазақ ұлтының мүддесіне сәйкес жүргізді. 1924 жыл соңында Семей облысының Зайсан, Қарқаралы, Ақтөбе облысының Торғай, Шалқар уездерінде 100%, Темір уезінде 75%, Адай уезінде толығымен іс жүргізу қазақ тіліне көшті. Орал губерниясы 75%, Ақмола губерниясының мекемелері 338 қазақ мамандарымен қамтылып, Қостанай губерниясы 90% кеңсе істерін екі тілде қатар жүргізетін болды.

Коммунистік партия мен кеңес өкіметіне сеніп, оның жолын әділдік, теңдік жолы деп ұққан Сәкен Сейфуллин тарапынан саясатты бұрмалаушылықтар мен әділетсіздіктер көрген тұста, өзінің ойың сезімін іркіп қалған емес. Әрқашан пікірін ашық білдіріп отырған. Ол «Ұлттардың өзін-өзі билеуі» деген Ленин қағидасына сенді. Сондықтан Қазақстанда ұлт өкілдерін «ұлтшылдықпен» айыптап қорқытқысы келгендерге ашық наразылық білдірді. 1923 жылы Қазақстан партия ұйымының III конференциясы тұсында Сәкен бастаған 14 коммунистің РКП (б) Орталық Комитетінің хатшысы Е. Ярославскийге жазған хаты осыны дәлелдейді. Ол Қазақстан үкіметінің басшысы болып жүрген кезінде қазақ тілін мемлекеттік тіл етіп жариялау, мемлекеттік іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу, қазақ тілінде кітаптар, газет-журналдар шығаруды ұлғайту мәселелерін күн тәртібіне қойып, шешімдер қабылдатқан. Бұрын «қырғыз» аталып келген ұлттың «қазақ» екенін дәлелдеп, мақалалар жазып, осы қателікті түзетуге себепкер болды. 1925-1933 жылдары Қазақстан партия ұйымын басқарған Голощекин саясатын ашық қарсы болғандардың бірі - Сәкен. Қазақстанда әр кезде болған ұлт саясатының бұрмалануы ақынның көркем шығармаларында да («Совет баласы», «Отарбаның жұмсақ вагонында», «Қызыл ат», «Біздің тұрмыс», т.б.) суреттелген. Сондықтан орталықтан келіп ел басқарушылар «шыншыл», «қыңыр» Сәкенді жақсы көрмеген. Оны әрдайым сынап, «партиялық тазалаулардан» өткізіп отырған. [5, 6 б.].

С.Сейфуллиннің «ұлтшылдығын» айыптау «пантүркішілдігіне», «панисламшылдығына» қатысты өріс алған болса, 1930 жылдар ойранында ол өзінің шырқау биігіне шықты. 1932 жылы 10 қаңтарды ВКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің мәдениет және насихат бөлімі мен қазақстандық марксизм-ленинизм институты қабылдаған «Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанның теориялық майдандағы күрестің міндеттері туралы» қаулысында ақынның «Көкшетау» поэмасын сыналып, қазақтың ескі феодалдық-рулық мәдениетін мадақтайды деген айып тағылды. Алаш қайраткерлерін атамағанда «Алашордашыл», «ұлтшылдардың» қатарында негізгі соққы «ұлтшыл-фашист» С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты жазушыларға бағытталды. С.Сейфуллин «халық жаулары» Т.Рұсқыловты, Н.Нұрмақовты, А.Асылбековтерді «Тар жол, тайғақ кешуде» төңкеріс үшін күрескен адам деп көрсеткендігі, Троцкийдің, Зиновьевтің аттарын атағандығы, А.Байтұрсынұлы елуге толғанда соған арнап мақала жазғандығы, пантюркистік бағыттың басшысы болғандығы үшін, ұлтшыл антипартиялық топ құрып, Кеңес үкіметіне қарсы жүргізген «бүлдіргі» іс-әрекеттер үшін, Қарағандыда ашылған «жасырын ұйымға» нұсқаулар беріп тұрғандығы үшін, жас жазушыларды өсірмегендігі үшін айыпталды.

1937 жылдың 24 қыркүйегінде С. Сейфуллин «халық жауы» деген айыппен тұтқындалды. 1937 жылы КСРО-да Сталиннің айтуымен қаптап кеткен халық жауларын түбіне дейін жою белгіленді. Сондықтан жалған ақпарлар жасалып, қазақ зиялыларын ойдан шығарылған «Кеңес өкіметіне қарсы Орталықтағы оппозициялық топтың» іс-әрекетімен байланыстырды. Бұл топтың жетекшілері Рысқұлов, Нұрмақов, Қожанов, Құлымбетовтер болған. 1928 жылдан Қожановтың ұсынысымен С. Сейфуллин аталған ұйымға кірген және оның құрамына жаңа адамдарды тартып, әдебиетте зиянкестік жұмыстар жүргізіп БК (б) П мен Кеңес өкіметінің басшыларын өлтіруді дайындауға қатысқан. 1922 жылдан бастап әдебиетте троцкистік бағытты ұстанып, троцкистіктермен байланыс жасаған делінді. 1937 жылы 25 ақпанда Алматы қаласындағы КСРО Жоғарғы Соты көшпелі әскери коллегиясының жабық мәжілісінде С. Сейфуллиннің қылмысты ісі қаралды. Сот Сейфуллиннің қылмысты ісін айғақтау әрекеті бітті деп санап, «атылсын» деген үкім шығарды. Сөйтіп, өзінің бар саналы ғұмырын Қазақстанның өсіп-өркендеуі мен мәдениетінің дамуына арнаған азаматтың өмірі қиылды. 1957 жылы 30 наурызда КСРО Жоғарғы Соты коллегиясының шешімімен Сәкен Сейфуллин толық ақталды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын естен шығармауымыз, тарихымыздағы болған ақтандақтарымызды қайта қайталамау үшін кейінгі жас ұрпаққа сабақ болуы керек деген ойдамыз. Тарихи тұлғадан сабақ алмай, тарихи тұлғалардың ерен істерін мәңгі есімізде қалары анық, жасалған негізгі жұмыстарын мұрат тұтпай мемлекет басқару ісінде, саясатта бірден бір үлкен дәрежеге жету мүмкін емес. Жылдар бойы жазықсыз құрбан болған қазақ зиялылары жайлы ақиқат айтылмай келді. Демограф-ғалым М.Тәтімөвтің зерттеуіне жүгінсек, С.Сейфуллин қайтыс болған 25 ақпан күні 33 адам атылған екен. Солардың ішінде Сейфуллинмен бірге қызметтес болған С.Мендешев, С.Асфендияров, С.Есқараев, Т.Жүргенов, У.Күлімбетов, І.Молдажанов, Ж.Сәдуақасов сынды қазақ зиялылары бар. Олардың өз заманының интеллектуалдық, іскерлік қасиеті жоғары тұлғалары болғандығын тарихтың өзі дәлелдеді.

Қарағандылық жазушы Ж.Бектұров Ермековпен көзі тірісінде болған сұхбатында Алаш ардагерінің: «Сендер қызылдар жағында, ал, біздерді «Орда» жағында болды демесеңдер, Сәкен бізден гөрі әлдеқайда ұлтшыл еді» деген пікірін айта келе, мұндағы «ұлтшыл» дегенді сынаржақ мағынасында емес, Сәкеннің өз халқына адал қызмет етуі, қазақтың тілін, мәдениетін алға бастыруға қосқан үлесі тұрғысынан айтып еді» – дейді. Сындарлы ойға жүгінсек, Сәкен Сейфуллиннің ұлтжандылығын, азаматтығын Алаш зиялыларының өзі де мойындаған, біріне-бірі құрметпен қараған деп айта аламыз.

Қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының қарқындап дамыған, әлем таныған келбетіне жарқын болашақ үшін өлшеусіз еңбек етіп, тер төккен арыстардың еңбегі мен ізі бар. «Қазақты көргің келсе, міне, осы деп», көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын», - деп Сырбай

Мәуленов ақын ағамыз дәл сипатын берген сырбаз Сәкеннің туғанына биыл 131 жыл[6]. Сәкенді қалай ұлықтасақ та, насихаттасақ та жарасады. Себебі ақын бабамызға деген қазақтың ықыласы қашан да ерекше. Астана қаласында 1988 жылы С.Сейфуллинге мұражай ашылған, Қазақ аграрлық университеті қайраткер есімімен аталады. Қаланың орталық алаңында С.Сейфуллинге ескерткіш тұр. Кең байтақ Қазақстанның қай аймағына барсақ та С.Сейфуллиннің есімі берілген елді мекендер мен мектептер, көшелерді көптеп кездестіруге болады. Бұл, әрине, туған халқының өзінің абзал ұлына деген құрметі екендігі даусыз. Астанадағы Қазақ аграрлық университеті және ақын мұражайының ұйымдастыруымен жыл сайын қазан айында республикалық Сейфуллин оқуларын өткізу дәстүрге айналған. 2008 жылы Қарағанды қаласындағы С.Сейфуллин атындағы облыстық қазақ драма театры жаңа ғимаратқа ие болды. Арыстарымыздың мерейтойларына арналған шаралар өткізіп, жас ұрпаққа олардың ерлік істерін үлгі ету ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етері сөзсіз.

Саяси қуғын-сүргін құрбаны болған Сәкен Сейфуллиннің тағдыры – кеңестік дәуірдегі әділетсіздік пен қудалаудың ащы шындығы. Бірақ оның есімі уақыт өте келе ақталып, халық жүрегінен лайықты орнын тапты. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстанда Сәкен мұрасы қайта жаңғырып, жас ұрпаққа үлгі ретінде насихатталуда. Оған арналған мұражайлар, оқулар, театрлар мен ескерткіштер – оның ел алдындағы ерен еңбегінің айғағы.

Сәкен Сейфуллинді ұлықтау – тек тарихи әділеттілікті қалпына келтіру емес, сонымен бірге елдің ертеңіне адал, отансүйгіш жас ұрпақты тәрбиелеудің жолы. Сондықтан оның өмірі мен қызметін терең зерделеп, жастар санасына сіңіру – біз үшін тарихи парыз.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. «Сәкен – біздің ұлттық мақтанышымыз». // Егемен Қазақстан. – 2019. – 11 желтоқсан. – <https://egemen.kz/article/211509-saken-dgane-enhbekshi-qazaq>
2. Назарбаев Н. Тарих толқынында. / – Алматы: «Атамұра», 1999. – 296 б.
3. Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. – Алматы: Жазушы, 1972. – 432 б.
4. Қамалиева К. Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 94 б.
5. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин (Өмірбаян очерк). – Алматы, 1976. – 320 б.
6. Мәуленов С. «Алаштың ардақтысы – Сәкен!». // Abai.kz. – 2018. – 24 қаңтар.

#### **ТОТАЛИТАРИЗМНІҢ ҚҰРБАНДАРЫ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАППАЙ ҚУҒЫН-СҮРГІН**

**Орынбекова Р.Ж.**, п.ғ.м., аға оқытушы

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

XX-ғасырда КСРО-ның саяси дамуы тікелей большевиктер қолында болды. Большевиктер мемлекет басына келісімен саяси ахуалды өз партиясының саяси платформасы арқылы дамытуға тырысты. Адам құқығының тапталуы мақсатында жүргізілген орасан зор саяси репрессия КСРО – ның саяси менталитетіне үлкен әсер етті. Халықтың санасы биліктің құлдық саясатына ыңғайланды. Сананы билеуде мемлекет жүйесі басты орынға шықты.

КСРО құрамында болған халықтардың барлығы большевиктердің саяси репрессиялар құрбандарына айналды. Бұл оқиғалардан Қазақстан да алшақ қалған жоқ. Қазақстанда саяси репрессиялар былай жүрді:

1. Қазақстан – КСРО-ның лагерлер жүйесінің көлемді бөлігіне айналды. Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінің филиалдары бүкіл қазақ жерін қамтыды (Қарлаг, Жезказғанлаг, АЛЖИР, Степлаг, Спасск еңбекпен түзеу лагері және т.б.).